

Бекітемін _____
«Аққу» бөбесжайының директоры _____
меңгерушісі: Ибраһимов С.Т.



Тақырыбы: «Келді міне, жаңа жыл!»



Кіші «Бәйтерек» тобы

Тәрбиеші: Құрбанқұлова Ә.
Кучкарова А.

2023 оқу жылы

Келді міне, жаңа жыл!

Сәлеметсіздер ме құрметті ата-аналар, балабақша қызметкерлері және балалар.

Кіріп келе жатқа жаңа жыл құтты болсын. Жаңа жылда мықты денсаулық, әр отбасына бақыт, молшылық тілеп «Бәйтерек» тобының жаңа жылдық ертеңгілігін тамашалауға қош келіпсіздер.

Жүргізуші. Әдемілеп тізілген

Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз

Енжарлықты тастайық

Шырша тойын бастайық

Айгерім. Ал бүгінгі ертеңгілігімізді көңілді әнмен бастайық.

Ән: «Мерекеге келдік»

Жүргізуші. Жарайсындар балалар бәрімізге мерекелік көңіл-күй сыйладындар.

Қоян: Ой балалар мұнда не болып жатыр?

Айгерім. - Жаң –жыл мерекесі болып жатыр.

Қоян: Әдемі сарай екен, ойыншықтар тізілген, шырша да бар екен. Менде мерекеге қатыссам бола ма?

Айгерім. Әрине болады. Шырша мерекесі балалар және аңдармен Тойланады. Қатарға қосылсаң болады қоян.

Осы кезде қасқыр келеді: Қолында сүйреткен шанасы бар.

Қасқыр: Ой- ой. Мұнда не болып жатыр?

Жүргізуші. Мұнда жаңа-жыл мерекесі болып жатыр. Балалар ән салады, Би билеп көңіл көтереді.

Қасқыр: Ой, қойындар Менің көңілді кештерге зауқым жоқ. Жылы-жұмсақ қоян еті болса қарсы болмас едім.

Қоян: Ой- хой. Енді не істесем екен маған қашу керек. Әйтпесе қасқырға жем боламын.

Қоян каша жөнеледі, қасқыр қуып қоянды ұстап алады.

Жүргізуші. Ау, орман аңдары мерекеде бұлай ерегіскен жарамас. Биылғы жылдан бастап достасып жүретін боламыз.

Айгерім. Ал онда қоян мен қасқырды достастырып ойын ойнайық.

Ойын. «Қар мен сәбізді жинандар»

Ойынның шарты: Қар түйіршіктерін қасқырға, ал сәбізді қоянға жинап
Берейік.

Жүргізуші. Жарайсындар балалар. Сендер қасқыр мен қоянды достасуға
Үйреттіндер.

Би: «Қояндар биі»

1.Алихан. 2.Асылхан

3.Дидар 4.Муслім

5.Әділет 6.Әміре

7.Әлтайр 8.Алимансур

Айгерім. Балалар біздің шыршамыз көңілсізғой. Аяз-ата мен Қарша
қыз келіп, шырша шамдарын жағып беру керек еді.

Жүргізуші. Ал ендеше бәріміз Аяз-Атаны шақырып алайық.

Балалар: Ау-у-у! Аяз-Ата. Қарша қыз.

Шыршамызға келіңіз.

Тамашаны көріңіз.

Сиқыры бар таяқпен,

Шыршамызды жағыңыз.

Түлкі. Қу түлкі, құйтырланып, залды бір айналып айтқан сөзі.
Ай-й-й-й! Неге айқайлап тамақтарыңды ауыртып жатырсындар.
Аяз-Ата мерекеге келмейді. Мен Аяз-Атаға басқа жолды
көрсеткенмін.

Ал, балалар сендер де Аяз-Атадан сыйлық аламыз деп
қуанбай-ақ қойындар. Ха-ха-ха

Айгерім. Әй түлкі, мұның ұят болады. Онан да бізбен бірге мерекені
тойлап, көңіл көтер.

Аяз-Атадан сыйлық ал.

Түлкі: Жарайды, сыйлық алған жақсы ғой. Мен ешкімнен сыйлық
алып көрмегем. Онда мен Аяз-Ата мен Қарша қызды ертіп
келейін.

Жүргізуші. Ендеше біздер кезекті әнге берейік.

Ән: Хор. «Кішкентай шырша»

Айгерім. Ал енді балалар, бәріміз сергіп алайық.
«Көңіл күй» сергіту сәтін орындаймыз.

Жүргізуші:

Кезек тақпақтарға.

Мүслім:

Шыршамызды әсемдеп,
Ән шырқаймыз билейміз
Өзімізде күлімдеп,
Жабырқауды білмейміз.

Адия:

Жаңа жылда жаңаша
Тақпақ айтамыз.
Болсын риза балаша
Аппақ Аяз-Атамыз.

Жүргізуші:

Телефон қоңырау шалады.

- Алло, тыңдап тұрмын.

-Ия, сен түлкісің бе?

-Аяз-Ата келе жатыр дейсің бе?

Ал, балалар түлкі Аяз-атаны Қарша қызды ертіп келе
Жатыр екен.

Әтіркүл:

Ақша қарға малынып
Аппақ тонын жамылып
Сақалы мен мұртына
Күміс моншақ тағынып
Аяз-Ата келеді,
Балаларды сағынып,

Аяз-Ата

Балалар мен жолдан адасып қалыппын ғой. Сәл кешіктім бе?
Амансың ба ұлдарым.
Амансың ба қыздарым.
Қандай жарқын жүздерің.
Қандай әсем үндерің
Асулармен алысып
Асау желмен жарысып
Аталарың сендерді
Келді алыстан сағынып
Балаларым балғыным
Өмір гүлі шалғыным
Тілегенім жыл бойы
Сендердің ден саулығың
Ал келіндер ортаға
Қарт Атанды коршала.

Барлық балалардың орындауында.

Аяз-Ата.

Балалар сендер жаңа жыл мерекесіне өте жақсы дайындықпен келіпсіңдер. Мен өте ризамын.

Ендеше менің сыйлықтарымды қабыл алындар.

Айгерім.

Осымен құрметті Ата-аналар, қонақтар «Бәйтерек» тобының «Келді міне жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгілігі өз мәресіне жетті. Хош сау болыңыздар.

Жүргізуші.

Жаңа жылда жаңа бақытқа кенеле беріңіздер.

«Жаңа жыл құтты болсын»